

**Ресми рецензент филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ошанова Орынтай Жанабаевнаның 6D050400 – журналистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Кумарова Меруерт Кумаровнаның «Ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясат тиімділігінің мәселелері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

p/c №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация ҚР Үкіметінің жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссиямен бекітілген ғылымды дамытудың негізгі бағытымен сәйкес келеді:</p> <p>7) «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша зерттеулер»: ғылыми жұмыс ғылымның және/білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген: жасалған тұжырымдарды журналистика ғылымы саласында ашық қоғам жағдайында ақпараттық саясатты жүргізудің тиімді тәсілдерін қолдану бағытында, сонымен қатар журналистика пәндерін оқыту барысында пайдалануға болады.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл ғылыми жұмыста алғаш рет ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясат тиімділігінің мәселелеріне сараптама жасалады және ақпараттың адамға ықпал етуінен туындайтын заманауи өзекті мәселелер жан-жақты зерттеледі Жұмыс маңыздылығы ашылған: тақырып өзектілігі, жаңашылдығы еңбектің теориялық және тәжірибелік мәні жан-жақты көрсетілген.

3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыс зерттеуші өзі жеке дара жазып шыққан толыққанды зерттеу болып табылады.</p> <p>Диссертанттың жоғары деңгейде өзіндік дара түрде зерттеу жүргізгені оның отандық БАҚ-тың (түрлері бойынша) өңірлердегі даму бөлінісі мен «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясының облыстық филиалдарының жергілікті органдармен ақпараттық саясатты жүргізу бойынша келісімдерін (2018 жыл) талдауынан, аймақтық телерналардың бүгінгі таңдағы дамуына SWOT – талдау жасауынан, сонымен қатар жергілікті органдардың 2021 жылы мемлекеттік ақпараттық тапсырысқа бөлінген қаражат көлемін ашық көрсете білуінен көрінеді.</p> <p>Осындай кешенді талдау диссертанттың өз ғылыми тақырыбын жан-жақты ашуына мүмкіндік берген.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі әлеуметтік-саяси теорияда ашық қоғамға көшу барысында өзгерістерге тап болатын мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру проблемаларының әлі де толық зерттелмеуінен көрінеді. Бұл үдерістерде бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік саясатты іске асырушы, қоғамға ықпал ету әлеуеті жоғары тәуелсіз құбылыс ретінде ерекше мазмұн берілетіндігі шындық.</p> <p>Азаматтық қоғамның қалыптасу кезеңіндегі БАҚ саласындағы маңызды өзгерістерді, мемлекеттің ақпараттық саясатының тиімділігін, қоғамның ақпараттық саладағы әлеуетін жан-жақты зерттеу және нақты шынайы деректерге сүйенген ғылыми тұжырымдар жасау да диссертация тақырыбының өзектілігін дәлелдей түскен.</p>

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді.</p> <p>Ғылыми жұмыс барысында ашық қоғам жағдайындағы БАҚ-тардың ақпараттық саясат жүргізудегі жұмыстарының негізгі бағыттары, әдіс-тәсілдері және олардың тиімділігі жан-жақты зерттеліп, жасалған тұжырымдар нақты дәйектер негізінде анық әрі ғылыми тілде көрсетілген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Ғылыми жұмыс алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындайтын теориялық алғышарттар негізінде құрылған, осы негізде зерттеудің басты қағидаттары жүйеі түрде анықтаып тұжырымдаған.</p> <p>Жұмыс мақсаты толықтай тақырыпқа сәйкес келеді, яғни ашық қоғам жағдайындағы Қазақстанның медиа кеңістіктігі салыстырмалы түрде қарастырыла отырып, оның ақпараттық саясатты тиімді жүзеге асыру аспектілері жан-жақты зерттелген. Сонымен қатар қазақстандық БАҚ-тың заман талабына икемделуін, олардың қоғамдық санаға, БАҚ аудиториясына ықпал-әсерлерінің сипаты талданған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі тұжырымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Жасалған ғылыми анықтамалар өзіндік ішкі сипатының бірлігімен және логикалық бірізділік тұрғысынан өзара тығыз байланысқан.</p> <p>Мысалы, бірінші бөлімде ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясат тиімділігін зерттеудің теориялық мәселелері қарастырылып, оның негізгі даму көрсеткіші болып табылатын, яғни мемлекеттік саясатты қалыптастырудың маңызды факторы - саяси жүйенің дамуы екінші бөлімде тәжірибелік бағытта жан-жақты талданған.</p> <p>Сонымен қатар бірінші бөлімде қоғамдық сананың қалыптасуы мен әрекет етуінің коммуникативтік-ақпараттық детерминанттары (анықтауыштары) нақты теориялық негізде сарапталып, ал үшінші</p>

			<p>бөлімде осы негізде еліміздегі әлеуметтік-саяси бағдарламалардың (басылымдардың) қоғамдық санаға әсер етуінің психологиялық және ақпараттық тетіктері тәжірибелік тұрғыдан сарапталған.</p> <p>Жаңа дәуірдегі медиалардың тәуелсіздігі мен ақпараттық қауіпсіздік мәселелерінің саяси және құқықтық негіздері екінші бөлімде зерттеу нысанына алынып, осы бағыттағы жүргізілетін кешенді жұмыстардың медиапсихологиялық әдістері мен технологиялары үшінші бөлімде толықтай қарастырылған.</p> <p>Еңбектің барлық бөлімдері мен бөлімшелері логикалық тұрғыдан өзара тығыз байланысқан. Жасалған ғылыми тұжырымдардың анықтығы мен ішкі тұтастығы ізденушінің өз ұстанымдарының нақтылығымен айшықтала түскен, сонымен қатар зерттеу тақырыбын ашу барысында түсінікті тілмен талдаулар жасап, әрі жұмыс құрылымының тұтастығы мен бірізділігін қамтамасыз еткен.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешім, яғни ашық қоғам жағдайындағы БАҚ-тағы ақпараттық саясат тиімділігінің мәселелері нақты дәйектелген және бұған дейін бұл бағытта жасаған тұжырымдармен салыстырыла сарапталған. Жұмыста айтылған ғылыми бағыттардың негізгі тұжырымдамалары жүйелі түрде баяндалып, олардың басты ерекшеліктері көрсетілген және олар ұсынылған моделдің негізін құрайды.</p> <p>Сыни талдаудың бар екендігіне ғылыми бағыттарға талдамалы шолулардың тыңғылықты түрде жасалып, жалпы ашық қоғамды қалыптастыру мен дамыту, БАҚ-тағы ақпараттық саясатты жүргізудің әдіс-тәсілдері туралы танымал ғалымдардың пікірлерінің ұсынылуы негіз бола алады.</p> <p>Таңдалған тақырыпты бір ғана бағытта ғана емес, пәнаралық негізде қарастыра отырып, жүйелі түрде қарастыру орын алған. Мәселен, ғылыми тұжырымдар мен қажетті ұсыныстар айту барысында</p>

			элеуметтік сауалнамалар жүргізіліп, терең талдаулар жасалған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Толығымен жаңа. Диссертацияны жазу барысында ашық қоғамның қалыптасуы мен дамуы процесінде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудың негізгі аспектілері анықталған. Ақпараттық кеңістікті, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуіне жағдай жасайтын ақпараттық инфрақұрылымды, элеуметтік бақылауды дамыту мүмкіндігін қамтамасыз ету тұрғысынан аймақтық медианың бүгінгі көрінісі туралы кешенді ақпарат беретін талдау алғаш рет жасалған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Толығымен жаңа. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары қоғам дамуының негізі қозғаушы күшінің бірі деген пікір тұжырымдалады. Ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясаттың қоғамның қалыптасуында басты рөл атқарса, тиімді ақпараттандыру – саяси, элеуметтік дамудың кілті екенін дәлелдейтін ғылыми дәлелдер ұсынылды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	1) Толығымен жаңа. Рецензент беріліп отырған диссертация гуманитарлық бағыт бойынша әзірленген, осы себепті де жұмыс техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерін талқылауды мақсат етіп қоймайды, сондықтан да бұл бағалау өлшемі бұл зерттеуге қолданылмайды.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда салмақты да шынайы деректерге негізделген және жақсы дәйектелген. Барлық тұжырымдар негізі зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты кешенді де жүйелі ғылыми еңбектер мен қағидаттардан бастау алады және ғылыми қорытындылар элеуметтік сауалнамалар, SWOT анализдер мен салыстырмалы талдаулар негізінде жасалған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	Диссертациялық жұмыстың бірінші қағидаты – мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімділігіне назар аудару. Осыған орай жаһандық ақпараттық

		<p>1) дәлелденді;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) жоқ  7.3 Жаңа ма?  1) ия;  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) кең  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) ия;  2) жоқ</p>	<p>қоғамның қарқынды түрде дамып, қалыптасуы қазіргі Қазақстанға ақпараттық саладағы ұлттық басымдықтарды іске асыруға мүмкіндік беретіні 1 және 3 бөлімдерде өте дәйекті түрде дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың екінші қағидаты – еліміздің ақпараттық кеңістігі деформацияланған, ашық қоғам институттары көбінесе билік қызметін бақылаудан шеттетілген, мемлекет толықтай медиа кеңістікте үстемдік етеді. Диссертант бұл мәселенің шешімі жан-жақты дамушы медиа орта ілкімді технологиялық құралдар мен тәсілдерді қолдану арқылы жаңа қағидалар мен идеяларды туындатқанынан бастау алатынын жұмыстың 3 бөлімінде жан-жақты көрсеткен.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың үшінші қағидаты – ашық қоғамның қалыптасуы мен дамуы процесінде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырудың негізгі аспектілерін анықтау, маңызы мен ерекшелігін нақты көрсету. Бұл туралы жұмыстың 2.1 және 2.2 бөлімшелерінде нақты талдаулар жасалған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың төртінші қағидаты – әлеуметтік-саяси теорияда ашық қоғамға көшу барысында өзгерістерге тап болатын мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру проблемаларына бірыңғай көзқарас қалыптастыру. Бұл орайда зерттеуші жұмыстың 2.4 бөлімшесінде өңірлік және республикалық деңгейлерде бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі, оларға ақпараттық кеңістікті, азаматтардың ақпаратқа қол жеткізуіне жағдай жасайтын инфрақұрылым мен әлеуметтік бақылауды дамыту тұрғысынан талдау жасаған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың бесінші қағидаты – ашық қоғамның қалыптасуы мен даму процесінде мемлекеттік ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар мен іс-шаралар әзірлеу. Бұған орай жұмыстың 1, 2, 3 бөлімдерінде және</p>
--	--	--	---

			қорытындысында нақты ұсыныстар берілген.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	1) ия Зерттеу қорытындыларының дәйектілігі ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясат тиімділігінің мәселелерін анықтау және талдау барысында әдістер мен тәсілдерді қолданумен дәлелденеді. Әдістеменің таңдалу негіздемесі және оны саралау жұмыстың кіріспесінде және 1-бөлімдегі ашық қоғам жағдайындағы ақпараттық саясат тиімділігін зерттеудің теориялық мәселелерін анықтау және 3-бөлімдегі жаңа дәуірдегі қоғамдық пікір қалыптастырудың медиапсихологиялық әдістері мен технологияларын нақтылау барысында жүйелі әрі қажетті жағдайда таңдалынып алынған. Әрине, бұл жерде ашық қоғам жағдайындағы еліміздегі мемлекеттік және тәуелсіз БАҚ-тардағы ақпараттық саясатты тарату тиімділігінің мәселелері салыстырмалы талдау әдістемесі негізінде қарастырылып, сараланғанда, өзіндік баяндау өлшемін таңдау әдіснамалық инструмент ретінде негізді бола түсер еді. Дегенмен бұл тілегіміз бұл бағыттағы дәйектемелерге ешқандай көлеңке түсіре алмайды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен мәліметтерді өңдеудің және түрлендірудің әдістемелерін қолдану арқылы жүйеленді. Эмпирикалық материалдар зерттеудің түрлі жаңа тәсілдерін қолдануға мүмкіндік беретін жаңа әдістемелік қағидалар негізінде қарастырылды, сонымен қатар салыстырмалы және контент талдаулар, SWOT анализдер жасалып, деректерді инфографикалық тәсілдермен ұсыну тәсілдері қолданылды және әлеуметтік сауалнамалар жүргізілді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер,	Теориялық пайымдаулар, тұжырымдар, өзара байланыстар

		<p>анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>жүйесі мен заңдылықтар арнайы зерттеулер негізінде дәлелденген және нақтыланған. Диссертацияның нәтижелерінің негізділігі мен дәйектілігі тақырыптың терең пайымдауға құрылған талдаулар әдістемесі негізінде жасалған. Мемлекеттік ақпараттық саясаттың негізгі қағидаларының көрсеткіші мен түпкі нәтижелерін өлшеу параметрлерін айқындау жолдары өзінің жоғары деңгейлі дәйектілігімен және терең талдауларға құрылған жүйелілігімен ерекшеленеді, ал бұл зерттеушінің пайымдауларының әмбебап қырын көрсетеді.</p>
		8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып және оларды басшылыққа ала отырып жасалған. Бұл жұмыста өте танымал әрі кең таралған 150-ден астам отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінен тұратын пайдаланыланылған әдебиеттер тізімі берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Қолданылған әдебиеттер толыққанды әрі жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы мемлекеттік ақпараттық саясатты талдаудың теориялық және әдіснамалық негіздері осы мәселедегі зерттеулерді дәйекті жүйелеуімен, ашық қоғамның қалыптасуындағы ақпараттық саясаттың мәнін, орны мен рөлін зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтуімен және оның қалыптасуы мен жұмыс істеу тетіктері туралы іргелі идеяларды негіздеуімен анықтала түседі.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда кешенді түрде қамтылған мәселелер, ондағы жинақталған деректік мәліметтер, зерттеу жұмысындағы қорытынды мен ұсыныстар, қоғамдағы ақпараттық процестер мәселелері бойынша оқу курстарын дайындауда, медиа және қазіргі журналистиканың даму үдерісі турасында ақпарат алғысы келетін көпшілік қауым үшін, оқулық немесе ғылыми, қоғамдық-саяси



			басылымдарға дереккөз ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың практикалық маңызы жан-жақты екеніне дәлел бола алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Бұл еңбекте айтылған ұсыныстарды және зерттеулер қорытындыларын практика жүзінде қолданысқа енгізу дегенде оны ЖОО-ларда дәріс материалы ретінде қолдануды және осы бағыттағы салыстырмалы талдаулар кезінде сенімді ақпарат көзі ретінде пайдалануды және мемлекеттік ақпараттық тапсырыстарды жүйелегенде және аймақтарда ақпараттық саясатты жүргізу бағдарламаларын әзірлегенде ескеру керектігін сенімді түрде айтуға болады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, бұл сөзімізге келтірілген деректердің жүйелі негізде қарастырыла отырып, ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың өте сауатты тілде жазылуына себеп болғаны дәлел. Сонымен қатар автордың жасаған байламдары анық әрі қисынды пішінде берілген.

Кумарова Меруерт Кумароваға 6D050400 – журналистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді толығымен қолдаймын.

**Филология ғылымдарының  
кандидаты, доцент**



**Ошанова О.Ж.**

09.08.2021ж.